



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 23/101  
8 маусым



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
[www.instagram.com/qorjyntubek\\_jarsysy](http://www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy)



E-mail: priogazeta@mail.ru



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент Астана қаласындағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Құрмет караулы ротасының бастығы салтанатты шараға дайындығы жөнінде Мемлекет басшысына рапорт берді. Содан кейін еліміздің әнұраны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған жұртшылықты Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл елдігімізді нығайта түсетін мерейлі мереке екеніне назар аударды.

– Осы мерекеге орай біз жаңа ғана еліміздің бас байрағын көтердік. Көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Туымызды тік ұстау – әр азаматтың перзенттік парызы. Аспан түстес көк байрағымыз – біздің мақтанышымыз. Спортшыларымыз туымызды талай рет жеңіс тұғырына көтерді. Жақында қазақтың қайсар қыздары Эверестке шықты. Туымыз әлемнің ең биік шыңында тағы да желбіреді. Алда Олимпиада ойындары келе жатыр. Намысты өрендеріміз Париж төрінде туымызды тік ұстайды деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы байрағымыз аспандаған сайын ұлт мерейі асқақ болатынын айтып, туды тәуелсіздігіміздің тұмары әрі ынтымағымыздың бастауы деп атады.

– Батыр бабаларымыз ел тағдыры сынға түскен сәтте бір тудың түбінен табылған. Бірлігін бекем ұстаған, елі мен жерін қорғаған. Байтақ даланы көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағына мирас еткен. Сол аманатқа адал болу – ұрпақтың ұлы мұраты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан бейбіт мемлекет ретінде татулық пен келісімді қашанда басты орынға қояды және барлық мемлекетпен достық қатынас орнатқан.

– Соның арқасында туымыз жер жүзіне бірлік пен бейбітшіліктің байрағы ретінде танылды. Біз достық қағидатын әрдайым берік ұстанамыз. Қазір бәріміз бір кісідей жұмылып, Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Баршаға бірдей мүмкіндік беретін қоғам орната бастадық. Аз уақыт ішінде ауқымды саяси реформа жасадық. Жаңа экономикалық бағытымызды айқындадық. Сондай-ақ жас ұрпақтың сана-сезімін жаңғыртып, сапалы ұлт болуға бет бұрдық. Мұның бәрін жүзеге асырып, түбегейлі орнықтыру – оңай шаруа емес. Ол үшін, ең алдымен, ырысты ынтымақ керек. Барша Қазақстан халқының тағдыры – ортақ, болашағы – бір. Сондықтан бір ел, бір халық болып, ту түбінде тұтаса білсек, көздеген мақсатқа міндетті түрде жетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Қарағанды қаласының тұрғыны жер учаскесін жалдау шартын ұзарту кезінде жергілікті атқарушы органның тарапынан бірталай қиындықтарға тап болған.

Әкімдіктен нақты түсініктеме алмаған қала тұрғыны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне шағымдану арқылы өз құқығын қорғауға шешім қабылдаған.

Өз кезегінде, Департаментпен жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша жалға алушы шарттық міндеттемелерді бұзбағандығы, сонымен қоса, әкімдікпен берілген бас тартудың заңды негіздері жоқ екендігі анықталып, бұзушылықтарды жою және жалға алушының құқықтарын қалпына келтіру туралы ұйғарым енгізілді. Бұл шешім Қарағанды тұрғынына жер учаскесін заңды негізде пайдалануға мүмкіндік берді.

Көрсетілген жағдай азаматтық құқықтарды қорғаудың маңыздылығын және мемлекеттік органдардың халыққа қызмет көрсетуде іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер (мерзімін бұзу, артық құжаттар талап ету, төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол беру т.б.) кездескен жағдайда ұсыныстарыңызды Департаментке Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39 мекен-жайы бойынша немесе Е-Өтініш платформасы арқылы бере аласыздар.

*Приозерск қаласының әкімдігі*

## ДЕПУТАТТАР – ІС-ӘРЕКЕТТЕ



Алдағы 2024-2025-жылдардың қыстау науқанына дайындық жұмыстарының басталып кеткеніне де әжептәуір уақыт болып қалды. Қаладағы науқанға дайындыққа жауапты тұлғалар мен мекемелер қызу тіршілікке кірісіп кеткенін байқап жүрміз. Аса маңызды науқанның дайындығы үшін жасалып жатқан жұмыстарының барысын бақылап, барлап отыру үшін қаладағы халық қалаулылары өз тараптарынан іс-әрекетке көшкен.

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаевтың басшылығында қалалық қазандықтың келесі жылғы жылу маусымына дайындық барысымен танысып қайтты. Жоспарлы дайындық жұмыстары талапқа сай жүріп жатырғанының куәсі болды. Бүгінгі күнде 1-қазандық жаңасына ауыстырылған. Бесінші қазандыққа кеңейтілген жөндеу жұмыстары басталған. Жаңадан 3 дана су сорғылары сатып алынады және бірінші мен үшінші экономайзерге күрделі жөндеу жүргізілетінінен хабардар болды. Жауапты мекеме басшыларына жөндеу жұмыстарын және сатып алынатын бөлшектердің сапасын қатаң бақылау тапсырылды. Жұмыстың сапалы, әрі уақытылы аяқталуы қалалық мәслихат депутаттарының бақылауында болады.

*М.Исатай*

4-МАУСЫМ – РӘМІЗДЕР КҮНІ

## РӘМІЗДЕР КҮНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАР!

Приозерск қаласындағы ескі стадион толықтай бұзылып, оның орнына жаңадан стадион салу жұмыстары басталып кеткелі қала тұрғындары, әсіресе спортқа жаны құмар тұрғындары осы күнді асыға күткені ақиқат. Осынау қауыншты сәт, яғни су жаңа стадионның ашылу салтанаты 4-маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні мерекесімен тұспа-тұс келді. Ашылу жиынынан бұрын мемлекеттік рәміздер күніне орай қалаға кіреберістен бастау алған авто-вело шеруі 14.00 сағатта орындарынан қозғалды және жиынның ашылу уақытында межелі жерге келіп жетті.

Салтанатты жиынды бастау «Балбырауын» домбырашылар ансамблі орындаған бірнеше жалынды күйлерімен үйлесім тапты. «Вдохновение» ансамблі «Флешмоб» биін «Көк тудың желбірегені» әні жалғастырды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны барша мерекеге жиылған халықпен бірге шырқалады.

Жасыл алаң, теңбіл доп, қалалық стадион халық игілігіне беріліп отыр. Енді мұнда қалалық, облыстық, республикалық жарыстар өткізуге мүмкіндік бар. Су жаңа алаңның ашылуын қала халқы көптен күтті. Олай болса, көк жасыл алаңды ашуға қала әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметовты шақырылды және әкім жиылған тұрғындарды, спортсүйер қауымды мерекелік және қуанышты сәтпен құттықтады. «Спорт – мемлекеттің мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын көрсеткіш. Осы орайда, халықаралық аренада Қазақстан спортының беделін көтеруде Приозерск қаласының жас спортшылары да үлес қосуда» - деген жүргізушінің сөзінен кейін Гонконг қаласында өткен пауэрлифтингтен Азия чемпионы, еліміздің көк туын желбіреткен жас спортшымыз Уасбай Айданаға және Қостанай қаласында өткен халықаралық турнирде бокстан Азия чемпионы атанған Нұрсұлтан Қыстаубайға қала әкімі М.Талғатұлы қаржылай 50 000 теңгелік сертификат табыстады. Жас спортшы Нұрсұлтан Әбуовке сыйлыққа доп ұсынды. Жиналғандарға арнап қала әншілері Тұрсынбеков Мерей, Қалжігітов Елдос, Анарбаев Мақсат «Қазақ елім-ай» әнін шырқады. «Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене шынықтыру адам баласына қашан да пайдалы. Күні бойы өзінді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. Сөз кезегі қаламыздың спорт ардагері Ерлік Сәлімұлы Омаровқа берілді. Үлкен спортқа деген қадам ең бірінші, жаттығудан басталады. Сондықтан қаламыздың жас спортшылары өз шеберліктерін көрсетті. Білім беру мекемелерінен ФЛЕШМОБ ұсынылды.

Әрі қарай ішара қаламызда екінші рет өткелі тұрған «Жыл мекемесі-2024» байқауын ұйымдастыру мәселесіне кезек берілді. «Жыл мекемесі» байқауы алғаш рет 2022-жылы ұйымдастырылып, өткізілген болатын. Осынау жақсы дәстүрді қала әкімі Масұр Ахметов қайта жаңғыртуды қолға алды. Сол конкурсқа қатысушылардың тартысты да қызықты сәттері, жеңіске деген құлшыныс, түрлі күлкілі әрі күтпеген жағдайлары бәріміздің есімізде. 2 айға созылатын аталған фестивальдің басты мақсаты – мекемелердің, кәсіпорындардың қызметкерлерін белсенді шығармашылық қызметке тарту, ұжымдарды біріктіріп, жаңа талант иелерін анықтау, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. «Жыл мекемесі-2024» фестиваль-байқауы аясында келесі ішаралар өтетін болады: Шығармашылық байқауы, сәндік-қолданбалы қолөнер байқауы және спорттық сайыстар кешені. Шығармашылық байқауында қатысушы командалар маусым айынан бастап әр аптаның жұмасында «Достық» орталығында шығармашылық концерттерін қоятын болады. Бұл концерттер арнайы кестеге сәйкес шілде айының соңына дейін жалғасып, қала күнін мерекелеу кезінде гала концертпен аяқталады деп жоспарлануда.

жарықсыздар, - демекші, бар мамандықтың атасы, адамзат атаулыны білім нәрімен сусындататын қадірлі де, қасиетті білім ордасының ұстаздарынан құралған «БІЛІМ ШЫҢЫ» командасы. Бұл команданың құрамында: Оқушылары үнемі жүдделі, ұстаздары өз ісінің майталман шебері, шығармашыл, өнерлі, бір сөзбен айтқанда, ұстаздық атаққа қай жағынан лайықты №1ші жалпы білім беретін мектебінің ұжымы.

3. Қаладағы үлкен ұжымның бірі – Панар Айдарханқызы басшылық ететін №2 орта мектеп екені белгілі. Ұжымда 100-ден астам қызметкерлер болса, соның 76-сы ұстаздар екенін ескерсек, бұл ұжым конкурста белсенділік танытады деп ойлаймыз.

4. Келесі болып конкурсқа қатысушы – қоғамдық қауіпсіздікті сақтау барысында заңдылықпен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне, қылмысқа қарсы күреске, мемлекетіміздің азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында адал еңбек атқарып жеке уақытымен санаспай қызмет атқарған, Приозерск қаласының полиция бөлімінің бастығының міндетін атқарушы полиция майоры Қайрат Рашид Қайратұлы басқаруымен «ДИНАМО» командасы.

5. Құрамында Ахметов Берік, Сапарбеков Батырхан, Алғамжанов Дархан, Башенов Асылбек, Бейсекеев Алдияр, Шашалов Мәулен, Шашалов Даулет, Хизиров Сайфуддин, Аймағанбетов Елжет, Турғанбаев Рахметулла, Көккөзов Руслан, Ахмедиев Ермухан және Махатша Алмаз бар, азаматтық қорғаныс подполковнигі Тынышқұл Жадырасынова жетекшілік ететін, ҚР ТЖМ, Қарағанды облысы төтенше жағдайлар Департаментінің «Жалын» командасы.

6. ҚР ҚК 44841 әскери бөлімінің жеке құрамы да, сардарлары поковник Дидар Шаймуратович Савельевтің басшылығында аталаған сайысқа сақадай сай болып келеді деп үміттенеміз. Себебі бұл команда бұрынғы қалалық конкурстарда талай жеңімпаз болған және 2022-жылғы «Жыл мекемесі» байқауының 1-орын иегері.

7. Әскери бөлім командирі полковник Өтеген Отарұлы Кыдырғалиев болып табылатын 60601 әскери бөлімінің «УРАГАН» командасы. Әскери бөлімінің өміріне белсене ат салысып жүрген, жауынгерлік және дене шынықтыру дайындықтарының үздіктері: майор Сагимбеков Кореген, 2 сыныпты сержант Бимбетов Мурат, әділет лейтенанты Турсунбаев Ербол және басқалар. 60601 әскери бөлімі 2023-жылы Қару-жарак басқармасының әскери бөлімдері арасында әскери дайындық бойынша 3-ші орынды

1. Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы басшылық жасайтын қалалық әкім аппаратының және де әкімдіктің дербес бөлімдерінің «САРЫАРҚА» командасы. Команданы қала әкім аппаратының басшысы – Алтынай Тұрабекқызы бастап шықты.

Ұстаздар, қандай ғажап халықсыздар! Шәкіртке шындай биік алыпсыздар. Жан біткен жанарына нұр сыйлаған

2. Күндей боп күлімдеген

жеңіп алды. 60601 әскери бөлімі өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге және де қаланың дамуына сүбелі үлесін қосып келеді. Әскери бөлімнің басшылығымен Сағадат әскери патриоттық клубы құрылып 2020 жылы Республикалық сайыста «Гранпри» жүлдесіне ие болды.

8. Келесі 18405 әскери бөлімінің «Арсенал» командасы. Бөлім командирі полковник Азимхан Кеңесұлы. 18405 әскери бөлімі Приозерск қаласының мәдени және спорттық шараларына белсенді түрде ат салысып өз үлестерін қосуда. 2023-жылдың қорытындысы бойынша 18405 әскери бөлімі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскери бөлімдерінің арасында 1-орынға, ҚРҚК әскери бөлімдері арасында 3-орынға ие болды. Спорт дайындық озаттары – қатардағы жауынгер Турмағанбетов Табысқан, кіші сержант Ешимов Нуржан, кіші сержант Абуов Берекет.

Әскери дайындық озаттары: подполковник Жусупбаев Руслан, майор Сыздықов Қайрат, аға сержант Бадубаев Жүсіпали, 3 сынып сержанты Умаров Дархан, кіші сержант Кодеков Асхат, ефрейтор Еркебаева Аида, аға сержант Умбеткулов Алимхан, сержант Әлімбетов Жәнібек, сержант Рахманов Саябек, азаматтық персонал Алдажаров Досқали.

9. РФ ҚК 03080 әскери бөлімінің «ИСКРА» командасы майор Абдимажитовтың жетекшілігінде РФҚМ-нің қалада өтіп тұратын барша спорттық, мәдени-көпшілік шараларына қатыса жүріп, ысылған, тәжірибелі топ болып есептеледі. Сондықтан бұл ұжымна да көп іс-әрекет күтуге болады.

10. Приозерск қаласының орталық ауруханасы ұжымының «ДЕНСАУЛЫҚ» командасы. Аурухана ұжымына Мираманов Мирзаяд Мирзахматович басшылық етеді. Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын – халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда.

Қалалық аурухананың еңбек озаттары: Көшербаев Қабылғазы, Мондыбаева Гульбаршын, Елемесов Дәурен, Пайзуллаев Музафар, Алдабергенова Сәуле, Нурмуханова Диана, Иманов Марат, Мукан Елка, Мырзахметова Эльмира, Оязбекова Нуриля.

Медицина қызметкерлерінің ерен еңбектеріне, шипалы алақандарына, мейірімді жүректеріне алғысымыз шексіз. Еңбектері халыққа қуаныш сыйлап, өздеріңізді нұрға бөлесін!

Қала бойынша ауқымды да, маңызды, қала тұрғындары түгел назар аударып, көз тігетін әмбебеп байқауға қатысқалы отырған командалардың барлығына үміт артып, сәттілік, жетістік, жеңіс тілейміз!

«Жыл мекемесі-2024» фестивалі аясында өтетін келесі байқау – сәндік-қолданбалы қолөнер байқауы және спорттық сайыстар кешені. Шығармашылық байқауында қатысушы командалар маусым айынан бастап әр аптаның жұмасында «Достық» орталығында шығармашылық концерттерін қоятын болады. Бұл концерттер арнайы кестеге сәйкес шілде айының соңына дейін жалғасып, қала күнін мерекелеу кезінде гала концертпен аяқталады деп жоспарлануда.

«Жыл мекемесі-2024» фестивалі аясында өтетін келесі байқау – сәндік-қолданбалы қолөнер байқауы. Сондай-ақ, қатысушы байқауға әзірленген бұйымды қалай жасады басынан бастап түсірілген бейне-материалды ұсынуы керек. Сәндік-қолданбалы өнер көрмесі шілде айында «Достық» орталығында өтеді. Қала тұрғындары мен қонақтары осы көрмені келіп тамашалай алады.

«Жыл мекемесі – 2024» фестивалі аясында өтетін үшінші ішара – спорттық сайыстар кешені, яғни келесі спорт түрлерінен жарыстар: арқан тарту, волейбол, шағын футбол, гир көтеру, үстел теннисі, марафон эстафетасы бекітілген кестеге сәйкес өткізілетін болады.

Айта кететін жәйт, бұл сайысқа қаламыздың өнерлі де шымыр, өз ісінің білікті мамандарынан құралған 11 мекеме қатысып, бақ сынамақ.

Өнер деген тамаша ғой, аңсағанда, Басады ол демінді шаршағанда. Қасиеттің киелісі - өнер деген, Сыйлайды ол рахатын, барша жанға, - дей келе «Жыл мекемесі-2024» фестиваль-байқауында өз мекемелерінің намысын қорғайтын өнерлі де өнегелі, шымыр, өз ісінің білгір де білікті мамандарынан құралған топтар таныстырылды:

1. Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы басшылық жасайтын қалалық әкім аппаратының және де әкімдіктің дербес бөлімдерінің «САРЫАРҚА» командасы. Команданы қала әкім аппаратының басшысы – Алтынай Тұрабекқызы бастап шықты.

Ұстаздар, қандай ғажап халықсыздар! Шәкіртке шындай биік алыпсыздар. Жан біткен жанарына нұр сыйлаған

2. Күндей боп күлімдеген

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.



## АППАҚ БАЙЖАНОВҚА 200 ЖЫЛ

## АППАҚ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Аппақ Байжанов 1833-жылы Нұра өзенінен оңтүстікке қарай Қарағандыбасы деген жерде тас көмір кесектерін табады. Ел аузындағы аңызға қарағанда, қазіргі Қарағандыдағы ескі қаланың орнында қалың қараған өседі екен. Сол қарағанның ішінде соңында екі тазысы бар Аппақ деген бір байдың қойшысы қой жайып жүреді. Бір кезде қойдың бір шеті дүр ете қалады. Жалт қараса бір суыр қашып бара жатыр екен, тазылар тұра бастыртады. Бірақ, суырдың іні таяу екен, ініне қояды да кетеді. Күн кешкіріп қалғандықтан, Аппақ суырдың інінің аузын таспен бекітіп кетеді. Келесі күні ерте келіп, суырды інінен қазып алады. Сол күні іні түбінен көмір шыққан екен дейді. Әуелде Аппақ оның не екенін білмейді. Қара бояу ма деп ойлайды. Бірсыпырасын үйіне алып келіп жүн бояп көреді. Жүнді тек кірлеткені болмаса жүнге бояу болып жарытпайды. Содан ауыл ақсақалдарына көрсетеді. Олар да шеше алмайды. Бір күні кешкілікте тезектің маздап жанған отын айнала қоршап отырғандар тағы да сарапқа салады. Бірақ бұл алтын да емес, күміс те емес, жез де емес, ал жәй тас та емес. Не екенін «бір Алла өзі білсін», - деп отырғанда, бір тас отқа түсіп кетеді. Ол жана бастайды. Отырғандар: «Тас жанып жатыр, тас жанып жатыр!» - деп шу ете қалысады. Басқалар қолындағы тастарын отқа салады, әлгі тас онан сайын қыза жанады. Сол жерде «бұл жәй тас емес, Жанатын тас» болды деседі. Ертеңінде-ақ сол «Жанатын тас» туралы хабар жоғарғы жерге жеткен екен. Сол тасты тапқан Аппақты бір төре іздеп келген дейді. Аппақ әлгі төреге тасты тапқан жерін көрсетеді. Ол үшін Аппаққа ат тұяғындай алтын, қой тұяғындай күміс берген екен. Қарағандыдағы тұңғыш рет ашылған «Қаразабой» деген шахта сол Аппақтың көмірін тапқан жерінен ашылған дейді.

Аппақ Байжанов – Қарағанды

жұртшылығы үшін таныс есім. Қала тарихының ұзын-сонар қатпарында Аппақтың сіңірген еңбегі зор. Аппақ тапқан жанатын тас арқасында Арканың сайын даласында қала салынды, шахта өндірісі қолға алынды. Бүгінде тақыр жерден 100 жылдық тарихы бар Қарағанды қаласы іргетасын қалады. Сондықтан да әр жылдың тамыз айының соңғы жұлдызында Қарағанды жұртшылығы кең көлемде шахтерлер күнін тойлайды. Расымен де, Қарағанды көмірі – еліміздің басты байлығы. Тек республиканы ғана емес, кешегі күндері бүкіл ССРО аумағын қара алтынмен қамтамасыз етті. Ел экспортының қайнар көзі де осы байлығымыз дейтініміз сондықтан. Ал осы көмір өндірісінің басы-қасында жүрген шахтерлердің еңбегі ұшан-теңіз. Кеншілердің ауыр еңбегі талай қиындықты жеңіп, өмір мен өлім арасында жүздеген метр тереңдікке түсіп, осы байлықты иегереді. Шахта ішіндегі апаттан қаншама өмір қиылды, қаншама отбасының көз жасы қара жерге төгілді. Қарағандылықтардың тыныс-тіршілігінің бір бөлігіне айналған қара алтын жылдар көлемінде өз шежіресін де қалыптастыра алды. Ендеше осы орайда кеншілер қаласы атанған Қарағанды көмірінің тарихынан сыр шертіп, қойшы бала тапқан байлықтың сырына үңілсек...

Қойшы бала Аппақ есімі көркем шығармаларға арқау болып, барша республика жұртшылығына танылды. Қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы – Аппақтың шынайы көркем бейнесін танытқан туынды. Бірақ бір әттегені бұл көркем туынды советтік идеология тұсында жарық көрді. Сондықтан қойшы бала Аппақты кедейдің баласы ретінде көрсетіп, байдың жалшысы деп оқытты. Шынтуайтында Аппақтың әкесі Байжан Жұман, Игілік байлармен дәмдес-сырлас жақын достары болған. Бұл

туралы журналист-жазушы Е.Лұқпан «Қарағанды тас көмірін алғаш тапқан Аппақ Байжанов туралы алып-қашты әңгімелер төңірегінде» атты мақаласында: «Қазір көмірлі Қарағандыда Аппақ ұрпақтары да бар. Солардың ішінде арғы-бергі тарихты жете білетін, әрі атакты атасы жайындағы деректерді тірнектей жинап, көзінің қарашығындай сақтап жүрген, Аппақ Байжанов ұрпағының қазіргі ақсақалы Тұрсын Омаровпен жолығуымыздың сәті түсті. Кешегі совет заманының саясатына икемделіп Аппақ тақыр кедейдің баласы, ұзақты күнін қой соңында өткерген жалшы ретінде ұғындырылып келгені белгілі. Бұл қалыптасқан пікірдің кате екендігін Тұрсекеңнің осы өңір мен оны мекендеген жандар, ата-бабалары туралы еріден шырылаған әңгімесі нақтылай түсті. Осы бір құйқалы өңірді, үсті мыңғырған мал, асты мол қазына өлкені Сармантай елі – Аппақтың бабалары мекендеген. Қазіргі Қарағандының орны мен оның маңындағы кең алқапты жергілікті тұрғындар «Жеті құдық» деп атаған. Соның ішінде Қызылқұдық қазіргі Доскей ауылы, Қарақұдық бұрынғы «Көктал» совхозының орталығы, Жалғызқұдық сол совхоздың бөлімшесі болған елдімекен, Тоғызқұдық Кузнецкий совхозының орталығы, Майқұдық осы күнгі Майқұдығымыз, Қымызқұдық Көкталдың бөлімшесі, Аққұдық Кузнецкий совхозының бөлімшесі қоныстанған жер екен. Тұрсынның айтуынша, Аппақтың әкесі Байжан Тоқтамысұлы анау айтқандай тақыр кедей емес, өз шаруашылығын өзі дөңгелеткен орта шаруа болыпты. Осы өлкедегі 17 мың жылқы біткен Жұман бай, 12 мың жылқыны алдына салған Игілік бай Байжанның алдын орағытып өтпеген, небір жиын, алқалы бас қосуда Байжекеңді қатыстырып, әрі оның сөзіне ден қойып отырғанға ұқсайды. Орақ ауыз, от тілді

Байжан өзінің шешендігімен, ненің болсын әділіне жүгінетіндігінен болар ел ішінде «Қараби» атаныпты». Міне, Ермағанбет Лұқпан ағамыз айғақтағандай, Байжан тақыр кедей емес, дәулеті бар, сөзге шешен, Игілік пен Жұман байларға сыйлы адам болған.

Аппақ Байжановтың есімі көркем шығармалар мен зерттеулерде ғана емес, суретшілер мен мүсіншілер қиялынан да туындады. Қойшы баланың суреті қағазға салынып, шежірелі фотосуретке айналса, мүсіні жасалып, үлкен ескерткішке айналды. Соның ішінде Қарағанды қаласында 1999-жылы Аппақ Байжановтың құрметіне ашылған ескерткішті де айтуға болады. Бұл дегеніміз – ұлы бабамыздың есімін тарихымызға алтын әріппен жаздырып, есімін ұлт тарихында асқақтатқанымыз. Қарағандыдағы тұңғыш рет ашылған «Қаразабой» деген шахта сол Аппақтың көмірін тапқан жерінен ашылған. «Отқа жанатын қара тасты» тауып алған қойшы оны өз қажеттілігіне жарата алса да, қазба байлығын өндіріске жарату 23 жылға тоқтап тұрды. Тек 1856-жылдан бастап қана өнеркәсіп иелері кен орнына назар аудары бастады. Кейіннен Қарағанды көмір бассейнінің игеруге ағылшындықтар келді. Олар орыс жатақтары мен шағын өнеркәсіп ошақтарын ашты. Қазіргі кезде Қазақстанда 100-ден астам көмір кеніші бар. Тас көмірдің негізгі кеніштері – Қарағанды, Екбастұз, Қошеке кеніші. Алайда, Қарағандының көмірі – үлкен маңыздылыққа ие кен орны. Қазіргі таңда Сарыарқа төсінде «Арселор Митталл» шахталары, сондай-ақ бұрынғы «Испад-Кармед» шахталары көмір өндірісінің табысын арттырды. Дәстүрлі еңбекке айналған кен өндіру ісін әкелер өз ұлдарына табыстады. Шахтерлер күні көпшілік үшін тағылымды мереке.

**Н.ЖАЛМАҒАМБЕТ**

## «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР»

Сыбайлас жемқорлық құбылысы соңғы кезеңде көптеген өзгеріске ұшырап және ол бүгін күрделі көп жақты құбылыс ретінде көрінеді. Бұл құбылысты лауазым иесінің, сонымен қатар лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкерлердің өз қызмет өкілеттігін пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүддесіне пайдаланып азаматтардың немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соғатын әрекеттер деп анықтауға болады.

Пара алған лауазым иесі ғана емес, пара берген қарапайым адамда заң бойынша жауапкершілікке тартылады. Сыбайлас жемқорлық тамырына балта шабар кез келді. Олай дейтінім қазіргі таңда елімізде жүргізіліп қалған саясаттың, енгізіліп жатқан реформаның барлығы дерлік осы жемқорлықтың қайнар көзін жоюға бағытталған.

Жалпы бұл дерт қоғам өмірінің барлық саласын жайлап бара жатқаны жасырын емес. Қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылатын медицина, білім беру салаларына дейін сыбайлас жемқорлық тамырының таралуы көңіліне кірбің ұялатады. Білім беру орнындағы бүгінгі оқушы ертеңгі маман. Олай болса неліктен біз өз болашағымыздың күнгірттенуіне жол бермеуіміз керек? Ұстамсыздығы мол қазақ қашанда мұндай кездерде «Ақырын берсін» - деуші еді. Бұл жағдай да ақырын берсін деп қарап отыру дұрыс болар ма екен.

Біздің Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотында судьялар мен сот қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған әр жыл сайын іс шаралар өтіп арнайы жоспарлар жасалынып отырылады. Осы жоспарды орындау мақсатында тараптармен және іске қатысушы жақтармен процессуалдық емес қарым қатынастан аулақ болу үшін қалалық сот ғимаратының бірінші қабатында судьялардың және сот қызметкерлерінің заңсыз іс әрекеттеріне байланысты шағымдарға арналған арнайы жәшік орнатылған және сенім телефоны жұмыс жасайды.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, қоғам болып бұл дертпен күрес жүргізуде әрбір адам күресуді өзінен бастап, оған деген немқұрайлы көз қарасын жоюы қажет. Жалпы, жемқорлықпен күрес мемлекеттік маңызы бар түйіткіл мәселеге айналып отыр.

Сондықтан бүгінгі таңда оны барша халық болып түгел осы кесапаттың жолын кесуге жұмылса, сонда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады деп ойлаймын.

**Приозерск қалалық сотының жетекші маманы**

**Эльмира Жакупова**

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА! ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

*Құрметті Приозерск  
қаласының тұрғындары!*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығын орындау үшін барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, оның барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге назар аударатырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағытының негізгі бағыттары туралы хабардар етіп, проблемалық мәселелерді шешу жолдары мен мерзімдерін түсіндіреді.

2024 жылдың 14 маусымында сағат 16.00 Приозерск қаласы әкімі М.Т. Ахметовтың тұрғындармен кездесуі өтеді.

Кездесу барысында тұрғындар мен жергілікті атқарушы биліктің арасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс барынша орнатылады.

Қала әкімі жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңестер мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдау өткізеді.

Азаматтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді және ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау үшін



арнайы орындарда жәшіктер қойылады.

Айтылған ескертулер мен ұсыныстар әкімдердің жұмысына баға беруде ғана емес, сонымен бірге жасалатын нақты жоспарлар мен шараларда көрсетілетін болады.

*Қала әкімдігі*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ! О ПРОВЕДЕНИИ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ

направлениях нового курса модернизации Казахстана с акцентом на социальные вопросы, волнующие население, и разъясняют пути и сроки решения проблемных вопросов.

14 июня 2024 года в 16.00 часов пройдет встреча акима города Приозерск Ахметова М.Т. с населением.

В ходе встречи между жителями и местной исполнительной властью в рамках реализации концепции «Слышащего государства» максимально будет установлена обратная связь с населением.

Аким города совместно с руководящим составом местных исполнительных органов, органов прокуратуры и внутренних дел, депутатами маслихатов, членами Общественных советов, местной интеллигенцией проводит личный прием граждан.

Для сбора проблемных вопросов, волнующих граждан в специально отведенных местах будут установлены ящики для предложений и замечаний.

Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке их работы, но и найдут отражения в конкретных планах и мероприятиях.

*Акима́т города*

*Уважаемые жители  
города Приозерск!*

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 г. №826 акимы всех уровней проводят течение года встречи с населением, в ходе которых информируют об основных

## ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

2024 жылдың 14 маусымда сағат 16.00-де «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала әкімі М.Т. Ахметовтың қала тұрғындарымен кездесуі өтеді.

Ұсыныстар мен ескертулерге арналған жәшіктер келесі мекенжайлар бойынша орнатылады:

№	Жәшіктер орны	Мекен-жай
1	Приозерск қаласының әкімі аппараты	Пушкин к., 7
2	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы Приозерск қалалық бөлімінің ғимараты	Космонавтар к., 1
3	Қалалық пошта ғимараты	Пушкин к., 9/2
4	Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимараты	Балқаш к., 5
5	Қалалық орталық аурухана ғимараты (емхана, тіркеу орны)	Транспорт к., 17

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

14 июня 2024 года в 16.00ч. в ЦДЮТ «Достық» пройдет встреча акима г. Приозерск М. Т. Ахметова с населением.

Ящики для предложений и замечаний будут расположены по следующим адресам:

№	Местоположение ящиков	Адрес
1	Здание аппарата акима города Приозерск	ул. Пушкина, 7
2	Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области	ул. Космонавтов, 1
3	Здание городской почты	ул. Пушкина, 9/2
4	Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства	ул. Балхаш, 5
5	Здание городской центральной больницы (поликлиника, регистратура)	ул. Транспортная, 17

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №23/101, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.